

Терең тарихтан жарқын болашаққа!



a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№06 (546) 24 маусым 2024 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ- ҒЫЛЫМ МЕН ӨРКЕНИЕТ ОРДАСЫ

Ауыр да, қиын түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде қазіргі Есімхан алаңынан 3 қабатты бір ғимарат, Тәуке хан даңғылы мен Қазыбек би көшесінің бойларында орналасқан сол кездегі техникумдардың бірнеше ғимараттары университет қажеттілігіне пайдалануға берілді.

6 БЕТТЕ

ДҮНИЕДЕ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕН АСҚАН БАҚЫТ ЖОҚ

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-фараби айтпақшы оқушы бойына білім мен тәрбиені қатар сіңірсек қана нәтижелі іс болады. Ұлттық құндылықты үйрету, жақсы іске мұрындық болу үшін тер төгетін ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. Шәкірті дарынды болып үйреткен білімді іліп алып кетсе, ұстаз еңбегінің жанғаны. Алайда ұрпақ тәрбиесін жиып-теріп мұғалімге арта салуға да болмайды. Үшбұрыштың үш қабырғасы сияқты ұстаз, ата-ана мен бала арасында тығыз шығармашылық жұмыстар жүйелі жүргізілуі тиіс. Тәулікте жиырма төрт сағат болса бала мектепте ары кетсе алты сағат қана уақытын өткізеді.

8 БЕТТЕ

БАҚЫТ МЕКЕНІ

Бақыт ұғымын әр адам әрқалай түсінері анық. Оның себебі әркімдегі құндылықта, дүниетанымда, көзқараста жатыр. Меніңше, бақыт деген - өз болмысыңа сай болу. Жеті қат дүниедегі жаратылыстың барлығының өз мақсаты, өз қызметі, түптеп келгенде өзіне ғана тән болмысы бар. Сол болмысынан ажырамау, оны баянды ету кімді де болса бақытқа жетелейді. Демек, әр адам өз болмысына сай болса, соны мәнді, баянды ете білсе ғана шын бақытқа қауышады демекпін.

8 БЕТТЕ

БІЛІМ АЛЫП САЯҢДА, ӨТКІЗГЕН ТӨРТ ЖЫЛДЫ...

Түркістандай киелі шаһардың шырайын келтіріп тұрған сәулетті университетіміз еліміздегі алдыңғы қатарлы оқу ошағының бірі. Құшағын түркі жұртының жастарына толтырған оқу ордамызда әр түрлі мамандықтың қыры мен сырын төрт жыл ішінде терең меңгерген студенттер бітіруде. Биыл 1226 студент диплом алғалы тұр. Оның 31-і үздік диплом иегері. Бүгінгі студент ертеңгі ел тізгінін ұстар білікті маман. Ендігі жерде қолына диплом алған студентті жұмысқа орналасу мәселесі толғандырады. Негізінде бүгінгі жастардың басым бөлігі жұмыссыз. Дипломды алады, сандыққа салады. Мұның түрлі себебі бар. Енді жақсы жағына ойысайық. Дипломның жарамсыз күйге түспеуінің алдын-алу мақсатында университет жұмыспен қамту мәселесін жолға қойған. Жыл сайынғы дәстүр бойынша әр облыстан жұмыс берушілер келеді. Негізгі мақсаты студенттерді бос жұмыс орындарымен қамтамасыз ету. Кейбір іскер студенттеріміз жұмысқа орналасып үлгерген. Бұл әр курсты бітіру мерзімінде жіберілетін оқу-ісі тәжірибесінің нәтижесі. Студенттердің жұмыспен қамтылу деңгейі былтырдың өзінде орта есеппен 65 %. Университетіміздің өзге оқу орындары арасында жоғары көрсеткішке ие екенін осыдан-ақ аңғаруға болады. Бітірген студенттер ең бастысы өз мамандығы бойынша жұмыс жасап жүр. Сапалы біліммен сусындаған маман иелері жұмысқа тұру үшін барын салады. Магистратураға түсіп білімін де жетілдіреді. Өрине табандылық қажет. Сонда ғана бүгінгі жас ертеңгі ел іргесін қалыптастырушы

ЯУ-ақпарат



ЖАНАМЫН ДЕГЕН ЖҮРЕКТЕРГЕ ОТ БЕРЕТІН ОҚУ ОРДАСЫ

Қасиетті Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың атын иемденген халықаралық қазақ-түрік университеті де биылғы жылы бітіруші түлектерге болашаққа қарай жол сілтеді. Ел Тәуелсіздігімен құрдас оқу ордасы осы уақытқа дейін сан мыңдаған білімгердің бойына білім нәрін сеуіп, қияға қанат қақтырды. Ел үшін қызмет жасайтын қаншама жастарға диплом тапсырды. Айбергеновше айтсақ, «Жанамын деген жүрекке от беретін», студенттердің игілігі жолында жұмыс жасайтын оқу ордасы десек қателеспейміз. Еліміз бен түркі дүниесінің түкпір-түкпірінде ХҚТУ-ін бітірген білікті мамандар жұмыстар атқаруда. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ - ерекше білім шаңырағы. Ол – ең алғаш ашылған халықаралық жоғары оқу орны және түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған білім мен ғылымның ордасы. Мұнда әлемнің отызға жуық елінен келген жастар білім алуда. Бүгінгі білім алушы және ғылыммен шұғылданушы жастарымыз осыны терең түсініп, жаңашыл маман болуға қызығады.

Елбасының сенімі, халықаралық мәртебе және сол сенім мен мәртебеге лайық жауапкершілік университет қызметінің салмағын ауырлата түседі.

ХҚТУ 1992 жыл Елбасымыздың бастамасымен сол кездегі Түркия Премьер-министрі – С.Демирелдің қолдауымен халықаралық келісім арқылы құрылған. Екі бауырлас елдің басшыларының Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін түркі әлемнің рухани астанасы – Түркістанда құруы тарихи оқиға, саяси кемеңгерлік, аталарға тағзым деп бағалауға болады. Ал менің ойымша, оқу ордамыз – қазақ-түрік достығының символы. Университет құрылған уақыттан бері заманауи кампус қалыптасып, инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасып жатыр. Университеттің дамуы әрдайым екі елдің басшыларының назарында. Қазіргі кезде оқу ордамызда 10 мыңнан астам білім алушы бар. Атап айтқанда, 19 елдің 40 ұлтының өкілдері бакалавриат, магистратура, резиден-тура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша 11 факультетте білім алуда.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

ОҚУ ОРДАМ - МАҚТАНЫШЫМ!

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫНА ҚОШ КЕЛДІҢ,
ТАЛАПКЕР-2024!

Ахмет Ясауи университеті — түркі әлеміндегі бірегей университет, ЖОО-да әлемнің 17 елінің жастары мен 30 ұлт пен ұлыс өкілдері арасында мәдениетаралық диалогы мен ұлтаралық толерантты тәрбие жүріп жатыр. Қазіргі жаһандану жағдайында Түркі тілдес әлемді рухани біріктіруші білім беру орталығы ретінде Ахмет Ясауи университетінің идеологиялық маңызы зор.

Білім беру қызметі білім берудің барлық деңгейлері мен тоғыз саласы бойынша 153 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады: Педагогикалық ғылымдар, Өнер және гуманитарлық ғылымдар, Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, Бизнес, басқару және құқық, Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина), Қызмет көрсету:

Бакалавриат – 68,
Интернатура – 2,
Магистратура – 41,
Резидентура – 28,
Докторантура PhD – 16 мамандық бойынша мамандар даярлайды.
Сондай-ақ, университетімізде Инженерия, Спорт және өнер, Медицина, Стоматология, Жаратылыстану ғылымдары, Филология, Экономика, басқару және құқық, Теология, Әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар, Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеттері бар. Дайындық орталығы да маман дайындау ісіне үлес қосып келеді.

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Филология факультеті тіл және әдебиет мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыра отырып, оқу жоспарларының, сондай-ақ пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларының әзірленуі мен тәжірибеде қолданылуын қадағалайды. Сонымен қатар маман дайындау сапасының күзіретін қалыптастырады.



Факультеттің негізгі мақсаты — барлық түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардан келген жастарды достық пен бауырмашылдыққа баулумен қатар қазақ, түрік, орыс, ағылшын, қытай

тілдерін терең меңгеруіне жағдай жасап, болашақ мамандарын әзірлеуде сапалы қызмет ету болып табылады. Филология факультеті 1991 жылы шілде айында Тарих-филология факультеті болып құрылды. Факультеттің тұңғыш деканы тар.ғ.к., проф. С.Мадуанова болса, одан кейінгі жылдарда факультетті Ж.Истаев, К.Атик, А.Абуов, Х.Север, К.Атик, В.Жошкун, К.Коч, Қ.Қадашева, Р.Таукебаева, Н.Қ. Айтбаева басқарды. Алғашқыда, факультет тарих және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша, шығыс тілдерінің бірін (қытай, парсы, араб және түрік) жетік меңгерген ғылыми қызметкерлер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларын дайындауды қолға алды. Факультетте ф.ғ.д., проф. М.Мырзахметов, тар.ғ.д., проф. М.Әбілтайн, өнер қайраткері, проф. Р.Сейтметов, ф.ғ.д., проф. Қ.Қосанбаев, ф.ғ.д. Қ.Ергөбеков, тар.ғ.д., проф. Г.Чандарлыоглу, ф.ғ.к., проф. М.Ержанов, ф.ғ.к. С.Нұрматов, ф.ғ.к. Ж.Жанпейісова, ф.ғ.к. С.Тәшенов, ф.ғ.к. Т.Дәуірбаева секілді отандық және шетелдік ғалымдар қызмет атқарды. Факультеттің құрамында алғашқы кезеңдерде Тарих кафедрасы және Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы жұмыс істесе, оның саны кейінгі жылдарда артып он жетті. 2021 жылдан бері PhD, доцент Абдулкадир Өзтүрк басқарып келеді.

Факультетіміздің ерекшеліктеріне байланысты мынадай құндылықтарға назар аударылады:

- Көркем, шешен, жүйелі сөйлеу,
- Тіл байлығы мен мәдениетін үздіксіз дамыту,
- Шығармашылық қабілетін тұрақты түрде жетілдіріп отыру,
- Дағдылы түрде көркем шығарма оқу,
- Оқыту жүйесінің жаңа әдістері мен тәсілдерін меңгеру,
- Жаңа жарияланымдармен тұрақты түрде танысып отыру,

ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Экономика, басқару және құқық факультетінің атауы мен құрылымы бірнеше рет өзгергендігіне қарамастан университет ашылған алғашқы күннен бастап құрылған факультеттердің бірі болып саналады және факультет түлектері елімізде, алыс-жақын шет елдерде табысты қызмет етуде. Бүгінгі таңда факультетте үш деңгейде (бакалавр, магистратура, докторантура) 24 білім беру бағдарламасы бойынша білікті, бәсекеге қабілетті маман даярланады. Бакалавриатта 11, магистратурада 8, докторантурада 5 білім беру бағдарламалары бойынша маман дайындаумен факультет құрамындағы Менеджмент және туризм, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар, Экономика, қаржы және есеп, Құқықтану кафедраларының професор оқытушылары айналысады. Білімгерлер үшін білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес жасақталған интерактивті дәрісханалар, сот залы, 1С бухгалтерия кабинеті, оқу залы, спорт кешені, компьютер кабинеттері жұмыс істейді.

Факультетте 24 білім беру бағдарламасы бойынша 876 білімгер білім алуда. Оның ішінде Түркия, Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, Ауғанстан, т.б. алыс жақын шетелден келген білімгерлер бар. Қазіргі таңда факультетте 2 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты, 30 PhD доктор, 22 магистр оқытушы, 9 аға оқытушы және 5 Түркиялық ғалым дәріс беруде

Экономика, басқару және құқық факультетінің мамандықтары 1991 жылы университет ашылған алғашқы күннен бастап мамандар даярлап, еліміздің экономикасы мен құқық саласының дамуына елеулі үлес қосып келеді. Экономика, факультетінің тұңғыш деканы А.М.Ризаходжаев, Одан кейінгі жылдарда: А.У.Ищанов, М.Н.Расулов, Б.С.Мырзалиев, С.С. Ыдырыс, Мехмет Топлу, Эфтал Шукру Батмаз, Юксел Челик, Бюлент Байрам, А.А.Куралбаев, Г.Р.Момбекова, Д.Н.Келесбаев басқарды. Алғаш құрылған жылы экономикалық теория және халықаралық экономикалық қатынастар кафедрасы болса, қазіргі таңда: Экономика, қаржы және есеп, Менеджмент және туризм, Халықаралық қатынастар және Құқықтану кафедралары қызмет беруде.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ

Жаратылыстану ғылымдары факультеті 2007-2008 оқу жылында Сенат мәжілісінің шешімі негізінде Ақпараттық жүйелер және технологиялар факультетінен жеке факультет болып шыққан.

Жаратылыстану ғылымдары факультетінде 26 білім беру бағдарламасы (бакалавриат, магистратура және докторантура) бойынша 1791 білім алушы оқиды. Маман дайындаумен факультеттің 4 (Математика, Физика, Биология, Экология және химия) кафедрасының оқытушы-профессорлары айналысады. Білім алушылар үшін мамандық ерекшеліктеріне сәйкес жасақталған интерактивті дәрісханалар, зертханалар, электронды кітапхана, оқу залы, спорт кешені, компьютер кабинеттері жұмыс істейді.

Факультетте оқытушы-профессорлар жаңа заман талабына сай мамандар даярлап, халықаралық деңгейдегі білім беру үшін педагогикалық инновациялық технологияларды қолданып, аянбай еңбек етуде. Жаратылыстану факультетінде 8 ғылым докторлары, 23 PhD доктор, 37 ғылым кандидаты өз білімдерін студенттерге беруде тынымсыз еңбек етуде. Факультет бойынша ғылыми дәрежелі оқытушы-профессорлар 77% құрайды.

Факультеттің ерекшелігі Барлық мамандықтар бойынша заманауи жабдықталған зертханаларда дәріс алуы; Еліміздің түрлі ғылыми-зерттеу институттарында тәжірибелерін өткізуі; Факультетте білікті оқытушы-профессорлар құрамы үлесінің артуы; Тәжірибиелік дағдыларды нығайту мақсатында теориялық алған білімдерін арнайы практика базаларында жүзеге асыруы; Түркия Республикасы және басқа да шетелдік ЖОО-ның профессорларының факультет студенттеріне дәріс беруі; Академиялық ұтқырлық бойынша студенттердің шетелдік ЖОО-да білім алуы; Үздік оқыған студенттер Түркия мемлекеті тарапынан бөлінген квота мен грант орындарына ашық конкурс нәтижесінде ие болу мүмкіндігі; Студенттерге қол жетімді ақпараттардың университет және факультет сайттарында болуы; Кітапхана, спорт кешендері, студенттік асхана және жатақханамен қамтамасыз етілуі.

БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

ХҚТУ 1992 жыл Елбасымыздың бастамасымен сол кездегі Түркия Премьер-министрі – С.Демирелдің қолдауымен халықаралық келісім арқылы құрылған. Екі бауырлас елдің басшыларының Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін түркі әлемнің рухани астанасы – Түркістанда құруы тарихи оқиға, саяси кемеңгерлік, аталарға тағзым деп бағалауға болады. Ал менің ойымша, оқу ордамыз – қазақ-түрік достығы ның символы. Университет құрылған уақыттан бері заманауи кампус қалыптасып, инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасып жатыр. Университеттің дамуы әрдайым екі елдің басшыларының назарында. Қазіргі кезде оқу ордамызда 10 мыңнан астам білім алушы бар. Атап айтқанда, 19 елдің 40 ұлтының өкілдері бакалавриат, магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша 11 факультетте білім алуда.



МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІ

Медицина факультеті университет құрамында 1991 жылы ашылып алғашқы рет 54 студент қабылдады. Бірінші факультет деканы болып м.ғ.д., профессор Е.Б.Бекмұратов тағайындалса, одан кейінгі жылдары факультетке м.ғ.д., профессор Ж.Н.Шалхарова, м.ғ.к., Б.К.Жунисов, м.ғ.к., доцент М.С.Жүнісов басшылық жасады. 2018 жылдан бері факультетті м.ғ.д., профессор Ы.С.Молдалиев басқарып келеді. Осы жылдары факультетте көптеген өз ісінің білікті мамандарыардагер - ғалымдар дәріс берді, олар, «Хирургиялық аурулар» кафедрасының қабырғасын қалаған, алғашқы кафедра меңгерушісі м.ғ.д., профессор М.М.Ахметов, «Терапия» кафедрасының алғашқы меңгерушісі м.ғ.к., профессор Б.С.Калмурзина, «Педиатрия» кафедрасының алғашқы меңгерушісі м.ғ.д., профессор К.А.Асканбаева, гигиена-эпидемиология маманы, м.ғ.д., профессор Б.К.Керимбеков, терапевт, м.ғ.д., профессор С.Ш.Шалхаров, невропатолог, профессор Х.Б.Бралов, фармаколог, профессор О.М.Мырзағалиев, профессор М.Р.Рысулов, офтальмолог, профессор А.Т.Сагалов, травматолог, профессор А.Б.Болгаев, патолог-анатом профессор Ж.Б.Ахметов, гистолог, м.ғ.к., доцент С.А.Ажаев, биохимия маманы б.ғ.д., профессор Р.Д.Дильбарханова, хирург, м.ғ.д., профессор И.А.Ташев.

Бүгінгі күні факультетте барлық деңгейдегі білім беру бағдарламалары бойынша 2000 мыңға жуық студенттер, магистрантар, докторанттар білім алуда. Оның ішінде 17 мемлекеттен 41 ұлттың өкілдері білім алуда. Оларға 150-ге жуық ОПҚ білім береді. Бүгінгі күнге дейін факультетті 6000 мыңға жуық жоғары білікті мамандар бітіріп шықты. Қазіргі кезде факультет құрамында 9 кафедра бар: Адам морфологиясы және физиологиясы, Акушерлік іс және гинекология, Арнайы клиникалық пәндер, Жалпы хирургия, Жедел медициналық жәрдем, Педиатрия, Пропедевтика және ішкіаурулар, Профилактикалық медицина, Хирургиялық аурулар.

Бүгінгі күні факультет ғалымдарының жетекшілігімен екі гранттық ғылыми жоба жүзеге асуда. М.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.О.Нұскабаеваның жетекшілігімен «Изучение особенностей питания, образа жизни и генетических аспектов комплаентности пациентов с метаболическим синдромом в 10-летнем проспективном исследовании» тақырыбындағы жоба, қаржысы 91225000 теңге және м.ғ.д., К.К.Каримбаевтың жетекшілігімен «Определение спектра и процентной доли метаболитов, характерных для мочеочника, с целью ранней диагностики» тақырыбындағы жоба, қаржысы 96178760 теңге.

Соңғы 5 жылда факультет ғалымдарымен индекстелген журналдарда 70 мақала жарық көрсе, басқа басылымдарда 286 мақала, конференцияларда 156 мақала шықты. Факультет білім алушылары соңғы 5 жылда пәндік Халықаралық олимпиадаларда 35 жүлделі орындарды жеңіп алды. Медицина факультеті - Денсаулық сақтау бағытында білім беру бағдарламаларын іске асыра отырып, оқу бейінін айқындайтын бір немесе бірнеше сабақтас білім беру бағдарламалары бойынш амамандар дайындайтын, сондай-ақ оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орнының бөлімшесі. Факультет құрамына кіретін мамандықтарға қатысты барлық кафедралар мен зертханаларды біріктіреді.

Факультеттің негізгі мақсаты: Денсаулық сақтау саласындағы білімді, тәжірибені және ғылыми жаңалықтарды меңгере отырып, жалпы халыққа алғашқы және жоғары мамандандырылған үздіксіз медициналық көмекті көрсете білетін, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Қожа Ахмет Ясауи университетінің білім ошақтарының бірі — Медицина факультеті. Факультеттің құрамына енетін кафедралардың оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды. Оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік бағытын үйлестіреді. Құрылымның Даму стратегиясын әзірлеп, жұмыс берушілермен байланыстар орнатады. Мамандар дайындау бағыттары бойынша денсаулық сақтау қызметінің нарығын зерделейді.

Университетте білім алушылардың білім алуына толық мүмкіндіктер жасалған: жаңа үлгідегі оқу ғимараттарымен, лабораториямен, заманауи талаптарға сай жабдықталған университет клиникасымен, симуляциялық орталықпен қамтамасыз етілген. Орталықтың негізгі

мақсаты — келешектегі медицина саласындағы кәсіби мамандарының тәжірибелік дағдыларды игеруі мен жетілдіруін методологиялық, материалды — техникалық қолдау болып табылады. Қазіргі таңда орталық медициналық муляж, манекендермен және мүмкіндігі жоғары технологиялық робот-симуляторлармен қамтамасыз етілген.

2022-2023 оқу жылында жаңа микробиология лабораториясы және анатомиялық оқу құралдары алынды.

Академиялық ұтқырлық бойынша 2022-2023 оқу жылында 17 студент Түркия университеттерінде білім алуда. Осы бағытта Туркия Республикасының Гази университетімен стратегиялық серіктестік орнатылған.

Тіл білімін жетілдіру үшін ағылшын, түрік тілдерінен тегін курстар ұйымдастырылған.

1 курстан бастап ғылым мен айналысу үшін факультетте көптеген ғылыми үйірмелер жұмыс істейді. Студенттердің ғылыми қоғамы жұмыс істейді, ол 5 ғылыми үйірменің негізінде құралған. Студенттердің қоғамдық жұмыстармен айналысуына да жағдай жасалған, соның айғағы медицина факультет студенттерінің Дүниежүзілік және Қазақстан медицина жастары ассоциясының мүшелігіне сайлануы. Бүгінгі күні факультетте Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту» туралы бұйрығына сәйкес «Үздіксіз интеграциялық білім беру бағдарламасы» 2022 жылдан оқу үдерісіне енгізіліп жұмыс істеуде. Осы бағытта Түркия Республикасы Гази университетімен бірлескен жаңа үздіксіз интеграциялық білім беру бағдарламаларын енгізу жоспарлануда. Факультет студенттері үшін университетіміздің клиникасы - Клиника-диагностикалық орталығы және Түркістан және Кентау қаласындағы 17 клиникалық базалар қызмет көрсетеді.

Жалпы факультет бойынша 126 ОПҚ, оның ішінде 7 ғылым докторы мен профессорлар, 32 ғылым кандидаттары және 10 PhD, 36 магистр, 41 оқытушы дәріс беруде. Ғылыми дәрежелік 46,7 %-құрап отыр, орташа жас – 43,4. Билғы оқу жылында 4 докторанттың қорғауы күтілуде.

Медицина факультетінің 2023-2024 оқу жылындағы ғылым бағытындағы жетістіктері мен көрсеткіштері

2023-2024 оқу жылындағы ғылым саласы бойынша индикативті және стратегиялық көрсеткіштері: Рейтингік ғылыми журналдардағы (Scopus, Elsevier, Clarivate Analitic, WoS) жарияланымдар 13, әлемдік рейтингтік базалардағы Хирша (h) индексі 35 ОП құрамында бар, ҚР ҒҖЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынатын тізім бойынша ғылыми журналдарда 15, отандық және шетелдік басылымдарда 45 мақала жарияланды. Отандық және шетелдік конференцияларға қатысу саны 33, 1 монография отандық басылымда жарияланды.

Факультетімізде ҚР ҒЖБМ жариялаған гранттық 2 жоба жүзеге асуда:

1. «Ерте диагноз қою мақсатында несептас ауруына тән метаболиттердің спектрі мен пайыздық үлесін анықтау» тақырыбында, жоба жетекшісі Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.О. Нускабаева. Осы жоба аясында Медицина білім беру бағдарламасының үш докторант жұмыс жасауда.

2. «10 жылдық проспективті зерттеуде метаболикалық синдромы бар науқастардың тамақтану ерекшеліктерін, өмір салтын және комплаенттіліктің генетикалық аспектілерін зерттеу» тақырыбында, жоба жетекшісі ҚР ҰҒА академигі, м.ғ.д., профессор М.К.Алчинбаев. Бұл жоба аясында Қоғамдық денсаулық сақтау білім беру бағдарламасының докторанты жұмыс жасауда.

Сонымен қатар, «Түркістан облысы тұрғындарында зат алмасу бұзылыстарының клинико-эпидемиологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы ынталы бағытта ғылыми-зерттеу жобасы м.ғ.д., профессор И.С. Молдалиевтің жетекшілігімен жүруде. Самарқанд мемлекеттік медициналық университетінде өткен 78-ші Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциядан Профилактикалық медицина кафедрасының б.ғ.к., доценті Р.К. Куандыкованың жетекшілігімен студентіміз жүлделі III орынға ие болды.

САПАЛЫ БІЛІМ АЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНЕ КЕЛІҢІЗДЕР!

Білім ордамыз Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 1991 жылы 6 маусымда «Түркістан мемлекеттік университеті» болып, Түркістан қаласында ашылған. 1992 жылы 31 қазанда Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтерінің екі жакты келісімі негізінде Түркі жұртының пірі, ұстаз, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің есімі беріліп оқу ордамыз «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» болып қайта құрылды. Университет Қазақ Мемлекетіндегі ең алғаш ашылған Халықаралық жоғары оқу орны, сондай-ақ Түркі тілдес мемлекеттер арасындағы Халықаралық мәртебеге ие жалғыз білім-ғылым ордасы.

ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМІНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультеті денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде білім береді.

Факультеттің негізгі мақсаты – оқытудың инновациялық әдістерін қолдана отырып, заманауи талаптарға сай практикалық денсаулық сақтау мамандарын сапалы дайындау.

Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті интернаттурада «Жалпы медицина» және «Стоматология» мамандықтары бойынша және 31 резидентураның білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Факультет жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары аясында заманауи сұраныстарға жауап бере алатын жоғарғы білікті медицина саласының мамандарын даярлайды. Кафедралардың оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды. Білім беру бағдарламаларының, оқу жоспарларының, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларының әзірленуін және тәжірибеде қолдануын қадағалайды. Факультеттің құрамына енетін кафедралардың оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарына басшылық жасайды. Білім алушылар үшін мамандық ерекшеліктеріне сәйкес жасақталған интерактивті дәрісханалар,

электронды кітапхана, оқу залы, компьютер кабинеттері жұмыс істейді және факультеттің оқу клиникалық базалары Шымкент қаласында орналасқан медициналық мекемелермен қамтылған.

Профессор-оқытушы құрамы жаңа заман талабына сай мамандар даярлап, халықаралық деңгейде білім беру үшін медицинадағы инновациялық технологияларды қолданып, аянбай еңбек етуде. Жалпы 174 профессор-оқытушы құрамы бар, 11 ғылым докторы, 6 PhD доктор, 57 ғылым кандидаты, 20 магистр өз білімдерін, интерндерге, резиденттерге білім беруде тынымсыз еңбек етуде, (дәрежелі профессорлар-оқытушы- 40%). 1995 жылдан бастап Шымкент қаласында медицина факультетінің білім алушылары 5 курсты медициналық-санитарлық «Фосфор» бірлестігінің базасында білім алуымен құрылды. Факультеттің тұңғыш деканы медицина ғылымының докторы, профессор И.О.Байдаулет, одан кейінгі жылдарда факультетті профессор Н.К.Түзелбаев, З.Сатханбаев, М.Е.Жантеев, Б.Қ.Жунисов, А.А.Сариева, М.С.Жунисов, А.Р.Жумадилова, С.А.Туктибаева басқарды. Алғашқыда факультетте бакалавриат және жоғары білімінен кейінгі интернаттура мамандықтарына бойынша білім берсе, қазіргі таңда интернаттура, резидентураның 33 білім беру бағдарламасымен 10 кафедрада оқу үдерісін іске асыруда.

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті 1991 жылдан, университет ашылғалы бері келе жатқан көне факультеттердің қатарында. Факультеттің атауы әр жылдарда құрылымдық өзгерістерге байланысты әртүрлі өзгеріп отырғанымен өзінің бастауын «Тарих» факультетінен алады. Факультеттің тұңғыш деканы т.ғ.д., профессор С.Мадуанов болса, одан кейінгі жылдарда факультетті профессор Хусейн Север, профессор Ахмет Ташағыл, профессор Шефаатдин Севержан, т.ғ.к., профессор К. Жетібаев, т.ғ.к. Е.Төлегенов басқарды.

Факультет құрамында Жалпы тарих, Қазақстан тарихы, Түркі мемлекеттері тарихы, Археология, этнология және мұражайтану, Жалпы психология, Жалпы педагогика және этнопедагогика кафедралары жұмыс жасады. Факультетте өңірге және туыс түркі мемлекеттеріне кәсіби білікті мамандар даярланды. Факультетте т.ғ.д., профессор М.Әбілтайн, Г.Чандарлыоглу, З.Исабеков, С.Ташенов, М.Адиханов, Т.Дәуірбаева, Ж.Жанпейісова және т.б. отандық және шетелдік белгілі тарихшы ғалымдар қызмет етті. Педагогика саласында п.ғ.д., профессор Л.Керимов, С.Құрбанқожаев, Б.Оспанова, С.Бабаев, А.Усманов, К.Ыбырайымжанов және т.б. тәжірибелі, танымал педагог ғалымдар көптеген шәкірттер дайындады.

Қазіргі кезде факультеттің құрамында 4 кафедра жұмыс жасайды. 2017 жылдан бері факультетті филос.ғ.к., доцент С.Абжалов басқарып келеді. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті мектепке дейінгі, бастауыш білім беру, педагогика және психология, отандық және дүние жүзілік тарих, журналистика бойынша жоғары білікті мамандар даярлайтын аймақтағы негізгі орталық болып табылады. Мамандарды даярлау үш сатылы жүйе бойынша жүзеге асырылады: бакалавриат, магистратура, PhD докторантура. Оқу үдерісі барысында шет тілдерін меңгеруге, сапалы білім беруге, өзге ұйымдармен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінген. Факультет түлектері ғылым мен білім саласында, әкімшілік-мәдени жұмыста, ішкі істер жүйесінде, ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметінде сұранысқа ие.

Республика мен аймақтың көрнекті саяси, қоғамдық, ғылыми қайраткерлерінің арасында біздің факультеттің түлектері бар. Мамандарды дайындау педагогика, психология, тарих және журналистика бойынша іргелі білім бағдарламаларына негізделген. Факультетте 13 Білім беру бағдарламасы бойынша 550 білімгер бар. Оның ішінде Түркия, Қытай, Қырғызстан, Түркменстан, Ресей, Өзбекстан, Ауғанстан сияқты елдерден келген шетелдік білімгерлер бар. Студенттерге білікті оқытушы-профессорлар дәріс жүргізеді. Оның ішінде: 5 ғылым докторы, 33 ғылым кандидаты, 20 PhD доктор, 31 магистр-аға оқытушылар оқытушы бар. Маман дайындаумен «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру», «Педагогика және психология», «Тарих» және «Журналистика» кафедралары айналысады. Сондай-ақ университет білім алушыларына жалпыға міндетті пәндер бойынша қызмет көрсететін «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасы бар. Студенттер үшін арнайы жасақталған интерактивті дәрісханалар, соңғы үлгіде жабдықталған кітапхана, интернет сыныптары, спорт кешені, студенттік асхана, жатақханалар бар.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті — кәсіби дамуды жетілдіру, іргелі білім беру, гуманистік бағытта тәрбиелеу негізінде жоғары білімді, рухы биік, Отанын сүйетін, инновацияға ашық әрі бейім тұлға дайындауды негізгі міндеті деп біледі.

ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Қазақстанда дін саласы мамандарын ең алғашқы болып 1991 жылдан бері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті дайындап келеді. Қазіргі уақытқа дейін Дінтану және Теология білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды Қазақстандық және Түркиялық білікті оқытушы-профессорлар, Дінтану және теология кафедралары аясында дайындап келеді. 2021 жылдың 01 қыркүйегінен бастап университетіміздің ректоры Жанар Амангелдіқызы Темірбекованың қолдауының арқасында «Дінтану және теология» кафедрасының канаты кеңейе келе, Теология факультеті болып құрылды. Теология факультеті 6B02228 Дінтану, 6B01683 — Дінтану, 6B02229 — Теология, 6B02266 — Исламтану, 6B02286 — Философия-дінтану, 6B03187-Психология-Дінтану, 7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білікті мамандар даярлайтын аймақтағы негізгі орталық болып табылады. Факультетте мамандарды даярлау екі сатылы жүйе бойынша жүзеге асырылып келеді: бакалавриат, магистратура. Оқу үдерісі барысында шет тілдерін меңгеруге, сапалы білім беруге, өзге ұйымдармен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінген. Факультет түлектері ғылым мен білім саласында, әкімшілік-мәдени жұмыста, ішкі істер жүйесінде, ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметі мен діни сараптамалық бағыттарда үлкен сұранысқа ие. Факультет түлектері арасынан республикаға танымал тұлғалар бар. Аймақтың саяси, қоғамдық, ғылыми, діни салаларында қайраткерлік көрсетіп жүрген факультет түлектері ел дамуына орасан зор үлес қосуда. Факультетте мамандарды дайындау 6B2228-Дінтану және 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02286 — Философия-дінтану салалары бойынша іргелі білім беру бағдарламаларына негізделген. Бүгінгі таңда факультетте 269 білім алушы бакалавриат білім бағдарламасы негізінде, 22 білім алушы магистратура білім бағдарламасы бойынша білім алып жатыр. Оқыту қазақ, түрік, араб, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Факультетте 6 білім беру бағдарламасы бойынша 291 білімгер білім алуда. Оның ішінде Түркия, Өзбекстан елдерінен келген шетелдік білімгерлер бар. Факультетіміздің білім алушыларына Түркиялық ғалымдар, әлемдік деңгейдегі алыс-жақын шетелдік оқытушы-профессорлар дәріс береді. Қазіргі таңда факультетте 2 ғылым докторы, 9 ғылым кандидаты, 16 PhD доктор, 13 магистр оқытушы дәріс беруде. Факультетте маман дайындаумен Дінтану, Философия және Теология кафедралары айналысады.

СТОМАТОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

2013 жылы қыркүйек айының 1-ші жұлдызында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенаты шешімі негізінде медицина факультетінің құрамында «Стоматология» кафедрасы ашылды. 12.11.2016 жылғы Өкілетті Кеңестің 53-ші мәжілісінде Университет Сенатының 29.08.2016ж. 1-ші мәжілісінде қабылданған шешімдер талқыланып, нәтижесінде 2017-2018 оқу жылынан бастап университетте Стоматология факультетін ашуға шешім қабылданды. 2017жылдың 1-ші сәуірінде факультет деканы болып профессор Юксел Түркөз тағайындалды. 2019-2020 оқу жылынан бастап факультет деканы болып Керем Энгин Акпынар тағайындалса, 2021 жылдың қыркүйегінен бастап факультет деканы болып доцент Хасан Гүндөғар келді.

16.06.2017 күнгі №6 УниверситетСенат мәжілісінің шешімі бойынша: факультетімізде 4 негізгі кафедра бар: Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасы Хирургиялық және балалар жасындағы стоматологиясы кафедрасы Адам патологиясы кафедрасы Зертханалық пәндер кафедрасы. Тіс дәрігері, қысқаша айтқанда, жалпы медициналық түсінік пен этикалық ережелер аясында адамдардың ауыз қуысы мен тіс саулығын сақтау және бұзылған денсаулық жағдайын қалпына келтіру міндетін атқаратын адамдарға берілген атау.

Біздің факультеттің миссиясы стоматологиялық білімнің нәтижесінде ауыз қуысы мен стоматологиялық денсаулықты адам денсаулығы және жалпы ағза тұрғысынан қарастыра алатын, қазіргі тәсілдерге сәйкес проблемаларды шеше алатын және болашақта дамидын жаңа тәжірибелер мен технологияларға бейімделе алатын қасиеттерге ие стоматологтарды дайындау болып табылады.

Факультетімізде оқу 5 жылда аяқталып, осы оқуды аяқтаған стоматологқа үміткерлер 6-шы жылы өртүрлі клиникаларда тәжірибеден өтіп, осы кезеңнің соңында стоматолог атағын алады. 5 жылдық білім беру процесінің 4 және 5 курстарында сарапшы нұсқаушыларының жетекшілігімен факультетте тәжірибелік сабақтарды аяқтау және Болон процесіне кіретін басқа университеттермен үйлестіру мақсатында оқу бағдарламасында қайталау зерттеулері жалғасуда.

2017-2018 оқу жылында қабылданған студенттерге арналған курс бағдарламасы бұл бағдарламаның Түркия Республикасындағы Болон процесі мен стоматология факультетіне сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін өзгертілді. Осылайша, студенттеріміздің осы процеске қатысушы елдер арасында көлденең және тігінен ауысуы мүмкін болады.

Биылғы оқу жылында 1-ші және 2-ші сыныптар Болон үдерісіне сәйкес оқу бағдарламасымен білім алуда.

Түркістан қаласындағы көптеген емханалармен басқа студенттеріміздің тәжірибелік сабақтарын өткізу үшін келісімдер жасалынған.

Сонымен қатар, біздің факультетте студенттердің факультетте білім алуы кезінде пациенттерге практикалық қолдануды орындауға және/немесе бақылауға мүмкіндік беретін сыйымдылықты арттыруға жарамды стоматологиялық клиника және студенттердің клиникаға дейінгі зерттеулерді үйрену, сондай-ақ модельдер мен макеттерде қолдану және тәжірибе жасай алулары үшін фантомдық және протездік техникалық зертханалар құрылған.

2309 орындық жатақхана бар университетімізде 436 стоматолог студент жатақханаға орналастырылса, оның 10-ы тегін орналасуға мүмкіндік алған.

Біздің барлық студенттеріміздің түскі және кешкі ас қажеттіліктері университет қалашығындағы 5 асханада жүзеге асырылады.

СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

Спорт және өнер факультеті 2001 жылы негізі қаланып , университеттің спорт және өнер арқылы беделін арттыруға үлес қосып жатқан факультеттің бірі. Қазіргі таңда факультет құрамында 4 кафедра, 13 білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындап, заманауи талаптарға сай қызмет атқарып келеді.

Қалыптасқан алғашқы жылдардан-ақ қалыптасқан «Спорт және өнер » факультеті профессор-оқытушылар құрамы деңгейінің өте жоғарылығымен ерекшеленіп келеді. Факультетте 85 профессор-оқытушы құрамы қызмет етуде. Оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген жаттықтырушылар, ҚР Мәдениет және спорт қайраткерлері, тәжірибелі профессорлар мен оқытушылар дәріс беруде. Спорт және өнер факультеті түлектері Әлемнің және Республикамыздың түпкір-түпкірінде өз мамандықтары бойынша нәтижелі қызмет атқаруда. Біздің білімгерлер студент қатарында жүріп Олимпиада Ойындарында, Әлем және Азия чемпионаттарында топ жарған. Атап айтсақ: еркін күрестен Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері Ақжүрек Таңатаров, 2018 жылы Азия ойындарының жеңімпаздары Дидар Хамза, Бағлан Ибрагимов т.б.. Өнер саласында оқыған түлектеріміз: Қазақ фильм киностудиясының актері Ержан Нұрымбет, әнші сазгерлер Алтынай Жорабаева, Нұржан Қалжан, «Алдараспан» театрының директоры Нұржан Төлендиев, және көптеген мамандар табысты еңбек етуде.

Бүгінгі күні Спорт және өнер факультеті — Қазақстан Республикасының спорттық және мәдени ағарту саласына қажетті жоғары дәрежелі мамандар даялайтын ірі ғылыми-білім орталығы болып саналады. Студенттер үшін арнайы жасақталған интерактивті дәрісханалар, соңғы үлгіде жабдықталған кітапхана, интернет сыныптары, спорт кешендері, студенттік асхана, жатақханалармен қамтылған. 2001 жылы ашылған факультет, қазіргі таңда құрамында 4 кафедрасы бар факультет заманауи талаптарға сай бакалавриат, магистратура бойынша 13- білім беру бағдарламалары бойынша студенттерге білім беріп келеді. Сапалы мамандарды дайындауды төрт кафедраның профессорлары мен оқытушылары жүзеге асырады: «Дене мәдениеті», «Дене тәрбиесі және бастапқы. әскери дайындық », «Орындаушылық өнері» және «Бейнелеу өнері». Мамандық ерекшеліктеріне сәйкес білім алушыларға шығармашылық сахналар, би алаңы, суретшілерге галерея бөлмесі, дизайнерлерге арнайы кабинеттер және спортшыларымызға бокс залы, күрес, таеквандо залы т.б. жабдықталған. Кафедраларда оқу кабинеттер, электронды кітапхана, оқу залы мен компьютерлік кабинеттер қызмет көрсетеді.Факультет оқытушы-профессорлары болашақ жастарға заман талабына сай білім беруде аянбай еңбек етіп, еліміздің болашағына өздерінің үлестерін қосуда. 2001 жылдан бері факультетімізді п.ғ.д., профессор Жарылқасын Керімбекұлы Оңалбек, п.ғ.д., профессор Бахытжан Қалжанұлы Мухамеджанов, филос.ғ.к.ғ., профессор Көпжасар Дүрменұлы Баөтовтер басқарған. 2019 жылдан бері факультетімізді п.ғ.к., профессор Абусейтов Бегахмет Зайнидинұлы басқарды.

ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Дайындық орталығы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 06.10.1997 жылғы №1/447 бұйрығымен ашылды. Құрылған кезінен бастап Қазақстандық және Түркиялық болып Түркі дүниесінен келетін білім алушылар түрік, қазақ, орыс және ағылшын тілін курс жүйесіне қарай үйренуде. Білім алушылар, Дайындық факультетінде күз және көктем жарты жыл, 2 семестр бойынша тек қана тіл үйренеді. Дайындық факультетінде оқитын білім алушылар, топтарға бөлініп, әр топта 2 тілде білім алады. Білім алушылар, тіл үйренгеннен кейін факультеттерді таңдай отырып, өз мамандықтарын 4 тілде жалғастыра алады.

Дайындық орталығының білім алушылары 4 түрлі топқа бөлінеді. Бірінші топ Түркия квотасындағы білім алушылар (ТК): бұл білім алушылар Қазақстан азаматтары, Түркия Республикасының шәкіртақысына ие. Екінші топ Түркі дүниесінен келген тыңдаушылар (ТД): бұл тыңдаушылар, әр түрлі мемлекеттерден және Түркі Мемлекеттерінен келеді және Қазақстан Республикасының шәкіртақысына ие. Түркі дүниесі үшін 200 грант бөлінеді. Үшінші топ Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар; бұл тыңдаушылар Қазақстан Республикасының шәкіртақысына ие. Төртінші топ Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар. Қандас бауырлар тобының тыңдаушылары бір жыл бойы ҰБТ-не дайындалады.



ИНЖЕНЕРИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Өкілеттік кеңесінің шешімімен 2004 жылдың қазан айында "Ақпараттық технологиялар және инжиниря факультеті" ретінде құрылған факультетіміздің атауы 2014-2015 оқу жылынан бастап университет Сенатының шешімімен "Инженерия факультеті" болып өзгертілді.

Факультет өзінің білім беру қызметін бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде заманауи, жан-жақты инженерлік білім беру миссиясымен жалғастырады. Білікті, бірегей және инновациялық зерттеулер жүргізу арқылы ғылыми-техникалық дамуға үлес қосады, өнеркәсіппен және мүдделі институттармен / ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнату арқылы ұлттық / халықаралық дамуға септігін тигізеді.

УНИВЕРСИТЕТИМ - МАҚТАНЫШЫМ

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ - ҒЫЛЫМ МЕН ӨРКЕНИЕТ ОРДАСЫ

Киелі топырақ Түркістанды дамыту мақсатында 1991 жылы 6 маусымда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген шешімімен Орта Азиядағы түркі тілдес елдердің орталығы Түркістан мемлекеттік университеті құрылды. Университеттің алғашқы ректоры болып химия ғылымдарының докторы, профессор ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынұлы Жұрынов тағайындалды.

Алғашқы ректордың қолында Ел Президентінің Жарлығынынан басқа ештеңе жоқ еді. Сол себепті, «Неден бастау керек?» деген үлкен сұрақ тұрды. Мұрат Жұрынұлы – ЖОО-да кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор және мекеме басшысы қызметтерін атқарған тәжірибелі ғалым болатын. Осы жинаған мол тәжірибесі академиктің бұл істе нәтижеге қол жеткізуіне өз септігін тигізді.

Оқу орны үшін оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті ғимараттар керек болды, ғимараттар мәселесі сол кездегі Түркістан қаласы басшылығының қолдауымен шешілді. Ауыр да, қиын түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде қазіргі Есімхан алаңынан 3 қабатты бір ғимарат, Тәуке хан даңғылы мен Қазыбек би көшесінің бойларында орналасқан сол кездегі техникумдардың бірнеше ғимараттары университет қажеттілігіне пайдалануға берілді. Бірақ ғимарат мәселесі бірден шешілген жоқ, алғашқы уақытта Қазыбек би көшесіндегі ғимарат, кейін Тәуке хан даңғылындағы, соңында Есімхан алаңындағы қала әкімшілігі тарапынан бөлінген, (бұл ғимарат 2019 ж. кейін қайтарылды). Осымен, оқу үдерісін жүргізуге қажетті ғимараттар мәселесі бірсыпыра шешілді.

Енді М.Ж.Жұрыновтың алдында өте жауапты, ең маңызды, үлкен іс-шара тұрды. Бұл – бұрын жоғары оқу орны болмаған Түркістан қаласына оқытушы-профессор құрамын ұйымдастыру, шақыру болды. Бұл оңай жұмыс болмады, келген ОПҚ-ға бере салатын үй-жайы жоқ. Дайын қызметін, атқарып жатқан жұмысын, үй-жайын қалдырып, «қайдасың Түркістан»-деп жолға шыға салатын ғалымдар аз болды. Бірақ Мұрат Жұрынұлының сол кезде шақырған ғылым докторларының, профессорлардың, оқытушылардың арасында жүргізілген түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде оқу процессін үздіксіз жүргізуге қажетті қызметкерлер сол кездегі ел астанасы Алматы қаласынан, орталық Қазақстандағы Қарағанды қаласынан, Оңтүстіктегі Шымкент қаласынан келді. Сол кездегі облыс әкімі С.Терещенконың мұрындық болуымен әр аудан ұстаздарға арнап үйлер салды. Бұл қазіргі Тұрғыт Озал және Елбасы Н.Ә.Назарбаев атындағы көшелердегі тұрғын үйлер. Мұрат Жұрынов бұл мәселенің де шешілуінде күндіз-түні аянбай тер төкті. Ректордың нағыз табанды, қайсар мінезінің арқасында 1991 жылы 340-қа жуық талапкер 1-ші курсқа студент болып қабылданды.

Оқу процесін сапалы, талапқа сай деңгейде жүргізу үшін оқу кабинеттерін, дәрісханаларын, лабороторияларын оқу әдістемелік құралдарымен, қондырғылармен және апараттармен жабдықтау қажет еді. Ол үшін қаржы керек болды. Түркістан қаласында алғашқы ашылған университетке көмек беретін, жанашырлық көрсететін қолдаушы іздеді. Ректор М.Жұрынов көп ізденді, ақылдасты, нәтижесінде түбі бір, діні бір бауырлас Түркия Республикасына тоқтады. Қазақстан Республикасының басшылығы арқылы Түркия Республикасының басшылығына шығып екі ел арасында жүргізілетін келісім жұмыстарының нәтижесінде 1992 жылы 1 мамырда университет жаңа атаумен қайта құрылды. Түркі әлемінің Ұлы ойшылы, ұстазы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып оқу орнымыз Халықаралық дәрежеге ие болды. Бұл – елемізде құрылған алғашқы Халықаралық оқу орны еді.

Қайта құрылған университеттің жұмысын қадағалау үшін екі ел арасында құрамы 10 кісіден тұратын кеңес құрылды. Өкілетті кеңес төрағасы болып Түркия Республикасының қоғам қайраткері, мәдениет министрі болған, Қазақстанға деген үлкен құрметі бар, тамаша азамат Намық Кемал Зейбек тағайындалды. Мұрат Жұрынұлы мен Намық Кемал Зейбек мырзалар жақсы түсіністікте, сыйластықта жұмыс атқарып университеттің бүгінгі қол жеткізген барлық жетістіктеріне негіз болатын достық һәм бауырластық іргетасын берік етіп қалады.

1990 жылдардың ортасында Елбасы Н.Ә.Назарбаев Түркістан қаласына жасаға бір сапарында, өзі ашқан университетте болып, жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысады. Қайтарында қоштасып тұрып Мұрат Жұрынұлынан сұрайды:

- Мұрат, университеттің толық аяққа тұрып жұмысы жүру үшін не керек?- дейді.

- Нұрсұлтан Әбішұлы, мүмкін болса, жер керек еді,-дейді академик.

Елбасын шығарып тұрғандардың ішінде сол кездегі ОҚО әкімі С.А. Терещенко да бар еді.

Н.Ә. Назарбаев облыс әкіміне қарап:

- Сергей, Университетке қажетті жер берілсін!-деп тапсырма береді.

Сол қысқа нұсқаудан кейін қазіргі университет орналасқан 300 гектар жер Түркістан қаласының басшылығы тарапынан бөлініп, қазіргі таңда бой көтерген Оқу ғимараттары, Мәдениет сарайы, Ясауи клиникасы, Кітапхана, Жатақханалар, Асхана, Ашық спорт алаңы, Мағжан қалашығы, 100 гектарға жуық Ботаникалық бақ өсірілді.

Осының барлығын ұйымдастырудың басында университеттің алғашқы президенті, академик Мұрат Жұрынұлы мен алғашқы Өкілетті кеңес

төрағасы Намық Кемал Зейбек болды.

М.Жұрынов 1991-2001 жылдар аралығында 10 жылдан астам уақыт университетті басқарды, бұл жылдары университет ұжымы үлкен жетістіктерге қол жеткізді, осы жылдары университеттің бірнеше институттары мен бөлімдері ашылды, атап айтсақ: Шымкент институты (бұрынғы ШПИ, қазіргі ОҚМПУ), Тараз институты, Алматы институты, Кентау институты, Жетісай және Түлкібасы бөлімшелері, сонымен қатар Шымкент қаласында медицина мамандығының жоғарғы курс студенттері оқитын Шымкент медицина институты ашылды. 2000-2001 оқу жылында студент саны 25 мыңға жетті. Мұның барлығы М.Жұрыновтың ұйымдастыру жұмыстарының жемісі, жетістігі болды.

2001-2003 жылдар аралығында университет президенті (ректоры), экономика ғылымдарының докторы, профессор Оразәлі Сәбден болды. Бұл уақыт аралығында университет ұжымы белгілі жетістіктерге қол жеткізді, қазіргі екінші оқу ғимараты іске қосылды.

2003-2007 жылдар аралығында университетті педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серік Жайлауұлы Пірәлиев басқарды. Университеттің осы оқу жылдар аралығында жеткен жетістіктері зор болды. Бұрын ЖОО ҚМҚПУ басшысы болған азамат ұжым мүшелерінің ұсыныстары мен тілектерін ескере отырып, университеттің дамуына үлкен үлес қосқан басшы. Осы жылдары ғимараттардың айналасында көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Ясауи клиникасы мен қазіргі бас ғимараттың құрылыс жұмыстары жүргізілді.

2008-2013 жылдары университет басшысы болып техника ғылымдарының докторы, профессор Лесбек Тәшімұлы Тәшімов жұмыс атқарды. Бұл жылдары Ясауи клиникасы мен Бас ғимарат іске қосылды.

№5 жатақхана салынды, кітапхана үшін жеке салынған ғимарат бой көтерді. Оқу процесі Болон процесінің талаптарына сәйкес жетілдірілді. №3-ші оқу ғимараты салынып, іске қосылды. ОПҚ-ң айлық жалақысы қайта қаралып өсірілді. Өтейбойдақ аллеясы салынып, болашақ медицина мамандарының Гиппократ анттын қабылдайтын орынға айналды.

2013-2018 жылдары университет президенті болып, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Уәлихан Сейділдәұлы Әбдібеков қызмет атқарды. Университетте дайындалатын мамандықтардың БББ жетілдірілді. ТР мен еуропалық университеттердің жетістіктері ескерілді. Университет қалашығын

көгалдандыру жұмыстары жалғастырылды, оқу ғимараттары мен жатақхана аралығы толық көгалдандырылды. ОПҚ жетістіктерін жетілдіру мақсатында ішкі рейтинг ұйымдастырылды, кезекті оқу жылының барысында орындалған іс-шаралар (ғылыми мақала, оқулық, оқу-әдістемелік құралдар т.б.с.с.) бағаланып, әрбір орындалған жетістікке ұпай беріліп, оқу жылының маусым айында қорытынданды, үздіктерге сыйақы мен марапаттар белгіленді.

2018-2021 жылдар аралығында университет басшысы қызметін биология ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Серікбайұлы Абдрасилов атқарды. Университеттің оқу процессін жетілдіру жұмыстары жүргізілді, оқу дәрісханалары, кабинеттер, лабороториялар оқу әдістемелік құралдармен жабдықталды. ОПҚ-ң ынталандыру мақсатында ұйымдастырылған ішкі рейтинг жүйесі жетілдірілді. Әлемдік деңгейдегі бағалау QS академиялық рейтинг жүйесіне ену үшін сәйкес жұмыстар жүргізілді.

2021 жылдың 9-шы наурызынан бастап университетке ректор болып Жанар Амангелдіқызы Темірбекова тағайындалды. Жас, іскер азамат, ТР-да білім алған, жұмыс істеген, Қазақстанда бірнеше ЖОО орнында басшылық қызмет атқарған тәжірибелі азамат. Жанар Амангелдіқызына университеттің ректоры қызметінде сәттілік тілейміз, алдағы уақытта ұжым мүшелерін жаңа жетістіктерге жеткізеді деген үміттеміз.

Ел Тәуелсіздігінің жемісі саналатын оқу орнына 30 жылдан астам маман даярлау ісіне үлес қосып келеді. Қазақстанның Егемендігімен бірге жасасып келе жатқан университетіміздің осы уақыт бедерінде тек алға қарай ұмтылып келе жатқаны біздің көз алдымызда өтіп келеді. Оқу орнының дамуына өз үлестерін қосқан барша әріптестеріміздің қызметтері еліміздің қарыштап дамуына қосылып жатқан үлес деп санаймын. Киелі Түркістан топырағы қазіргі таңда биік парасат деңгейіне қол жеткізді. Мұның басында әрине Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлын атамай өтуге болмас. Облыс орталығы жасап, облыс атауын Түркістан деп белгілеуі қала тұрғындарын шаттандырды. Енді міне таяуда өткен Түркі кеңесінде қаламызды Түркі әлемінің рухани астанасы етіп жариялады. Қазіргі таңда университетіміздің рейтингтік көрсеткіштері еліміздегі алғашқы бестік қатарынан көрсетіп отыр. Жаңа басшылық бұл көрсеткіштерді мұнан да әрі жетілдіруге бар күш-жігерін салуда. Оқу орынымыздың қол жеткізген әрбір жетістігіне бір әрқашан қуанамыз.

Сәрсенбек ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ
профессор





Yesevi Türkoloji Yaz Okulu - 2024 Başladı

Kuzey Kıbrıs vatandaşı olup Türkiye'de eğitim gören 12 öğrenci ve 3 sorumlu personelin katılımıyla gerçekleşen "Yesevi Türkoloji Yaz Okulu - 2024", Mütevelli Heyet Başkanlığımız tarafından başlatıldı ve Türk İşbirliği ve Kalkınma Ajansı (TİKA) tarafından desteklendi. Program, Türkistan'da başladı.

21 Temmuz 2024 günü Çimkent Uluslararası Havaalanı'nda Genel Sekreter Yardımcısı Ender Sayın ve idari personel tarafından karşılanan öğrencilerimiz, Türkistan'a ulaştı. Türkistan'da üniversitemiz Yesi Otelinde konuk edilen öğrenciler, gün içerisinde Hoca Ahmet Yesevi Türbesi'ni ziyaret ettiler.

Öğrenciler, akşam yemeğinde üniversite rektörü Sn. Dr. Zhanar Temirbekova ve rektör vekili Sn. Prof. Dr. Naci Genç ile bir araya geldiler. Yemekte, üniversitemizde çok iyi ağırlandıklarını belirten öğrenciler ve danışmanlar, üniversitemiz Mütevelli Heyet Başkanlığı'na, Rektörlüğümüze ve idari personele teşekkürlerini iletiler. Hediye takdimi ve toplu fotoğraf çekimi ile program sona erdi.

Yaz okulu, 22 Temmuz 2027 tarihinde rektörümüz Sn. Dr. Zhanar Temirbekova ve rektör vekili Sn. Prof. Dr. Naci Genç'in katılımcıları rektörlük binası toplantı salonunda kabulüyle resmen başladı. Kabulde, Rektör Sn. Dr. Zhanar Temirbekova üniversitenin kuruluşu ve misyonu hakkında genel bilgiler verdi, Ahmet Yesevi'nin topluma etkisine değindi ve Türk kültürünün geniş bir coğrafyayı etkilediğini belirtti. Üniversiteler arası iş birliklerinin önemine vurgu yaparken, Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin bu anlamda yaptıklarına değindi. Üniversitemizin spor ve sanat alanındaki başarılarına da değinen rektörümüz, yaz okuluna katılan öğrencileri tebrik ederek onlara başarıları ve güzel bir hayat diledi.

Rektör vekili Sn. Prof. Dr. Naci Genç ise katılımcıları üniversitede ağırlamaktan duyduğu memnuniyeti belirtti ve gençlerin geleceğe umutla bakmaları gerektiğini hatırlattı. Aldıkları eğitimin Türk Dünyası ve ülkeleri için önemine vurgu yaptı. Ahmet Yesevi Üniversitesi ve kurulan diğer ortak Türk üniversitelerinin Türk Dünyası için önemli olduğunu ve Yesevi Üniversitesi'nin bu alandaki katkılarına değindi. Yaz okuluna katılanlara başarılar diledi.

Kültür Merkezinde orkestra eşliğinde karşılanan katılımcılar, Kazak ve Türk Dünyası müziklerinden oluşan dinletiyi ilgiyle dinlediler. Orkestra, kullandıkları müzik enstrümanları ve tarihi hakkında katılımcılara bilgi verdi.

Program, Kültür Merkezi Türk Dünyası Müzesi ve Arkeoloji Müzesi gezisiyle devam etti. Müze tanıtımları, Tarih ve Sanat Fakültesi öğretim üyeleri tarafından yapıldı. Katılımcılar, Türk Dünyası Müzesi'nde kronolojik sıraya göre Türk Dünyası hakkında bilgilendirildi ve geleneksel Türk kıyafetleriyle tanışma fırsatı buldu. Arkeoloji Müzesi'nde üniversitemiz Arkeoloji Bölümü öğretim görevlileri ve öğrencileri tarafından Kazakistan'da yapılan kazılarda bulunan tarihi eserler hakkında bilgi verildi. Arkeoloji Müzesi sergi alanında bulunan Kazak hanları ve tarihi tasvirlerle ilişkin resimler hakkında bilgi verildi. İkinci sergi salonunda üniversite maketiyle tanışan öğrenciler, bu salonda bulunan Avrupa kaynaklarında bulunan Türk Devletleri, Türk Hanlıkları ve Türk Boyları harita sergisini gezdiler.

Katılımcılara, Kültür Merkezi Küçük Salonda Uluslararası İlişkiler Daire Başkanı Furkat Dadajanov tarafından üniversite hakkında genel bilgi verildi. İlk konferans "Türk Dünyası ve Değerler Eğitimi" başlığıyla Dr. Kenan Semiz tarafından yapıldı.

Kazakistan El-Farabi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Canseyit Tüymabayev Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i Ziyaret Etti



Kazakistan El-Farabi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Canseyit Tüymabayev Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Ziyarete ikili iş birliği hususları değerlendirildi.



Üniversitemiz Tarafından Düzenlenen Avrasya Yaz Okulu Programında Öğrenciler, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığını Ziyaret Etti

Kültürler arası etkileşimi güçlendirmek ve öğrenci ve akademisyenlere Türkiye ve Türk Kültürünü tanıtmak amacıyla Yurtdışı Türkler ve Akraba Topluluklar Başkanlığı ve Milli Eğitim Bakanlığı Din Öğretimi Genel Müdürlüğü destekleriyle düzenlenen Avrasya Yaz Okulu Projesi kapsamında öğrenciler ve akademisyenler Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığını ziyaret etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK öğrencilere hitap ederek onları her zaman desteklediklerini ve daima yanlarında olacaklarını belirtti. Öğrenciler Avrasya Yaz Okulu'ndan duydukları memnuniyeti dile getirdiler.



ӨНЕГЕ

ӘЛЕМДЕ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕН АСҚАН ИГІ ІС ЖОҚ

Адам өміріндегі маңызды құндылық ол баланы тәрбиелеу дер едім. Саналы тәрбие мен сапалы білімді жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында жұмыс жасап жүрген мұғалімнің бірі екенімді мақтанышпен айтқым келеді. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-фараби айтпақшы оқушы бойына білім мен тәрбиені қатар сіңірсек қана нәтижелі іс болады. Ұлттық құндылықты үйрету, жақсы іске мұрындық болу үшін тер төгетін ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. Шәкірті дарынды болып үйреткен білімді іліп алып кетсе, ұстаз еңбегінің жанғаны. Алайда ұрпақ тәрбиесін жиып-теріп мұғалімге арта салуға да болмайды. Үшбұрыштың үш қабырғасы сияқты ұстаз, ата-ана мен бала арасында тығыз шығармашылық жұмыстар жүйелі жүргізілуі тиіс. Тәулікте жиырма төрт сағат болса бала мектепте ары кетсе алты сағат қана уақытын өткізеді. Қалған уақытта достар, ата-ана жалпы қоғамдық орындарда болатынын ескерсек деймін. Үйге келген баладан ата-анасы «Балам, бүгін мектептен не үйрендің? Менің көмегім керек пе?» деген сияқты диалог жүргізіп отыруы тиіс. Баланың бас ұстазы мектепте ұстазы болса, үйде ата-анасы саналады. Бала тәрбиесі - баршаға ортақ игі іс. Ұстаз бойында жанашырлық, адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік болса нұр үстіне нұр. Дүниеде шәкірт тәрбиелеуден асқан бақыт бар ма?! Ұстаз еңбегі ұлы еңбек. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың тілімен айтқанда «Адамның бір қызығы бала деген, баланы оқытуды жек көрмедім» деген мақсатта еңбек өткім келеді. Ұлттың баласын тәрбиелеп жүрген жолдағы мақсатым айқын. Ұстанымым берік. Бағытым адастырмаса екен.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

БАҚЫТ МЕКЕНІ

(қысқа әңгіме)

Алысқа сапарға шығып барамын...
Қайда баратынымды білесіздер ме? Бақытты іздеп бара жатырмын.
-Иә дұрыс естідіңіз бақыттым қайда екенін білуге бара жатырмын.Білмеймін бірақ,мен оны іздеп табамын. Мен өлімнен кетіп бара жатырмын.Бақытты кездестіруге,ал маған жол болсын..
Ол жолға шықты,жол жүргеніне үш күн өтті.Бірде ол қатты шөлдеп есінен таңып қалды.Есін қайта жиғанында бір қараша үйде жатыр екен. Онда үстелдің үстінде томдық кітаптар,шағын үстелдің үстінде қауырсынмен ақ параққа бірдене жазып отырған қарияны көреді.Ол кісі елге беделді ақ сақалды «Әулие Қария» екен. Мен қуанғанан атып тұрдым да қарияға сұрақтарымды қоя бастадым. Мен ол кісіден бақыт деген не? Оны қайдан табамын? Бақытты қалай сақтап қалуға болады? деп сұрадым.Ол менің бетіме бір қарады да былай жауап берді:
- Балам,сен мені жақсылап тыңдап ал, Бақыттың қайда тұрақтайтың білесін бе? Білмесең мен саған жауап берейін,Бақыттың тұрақтайтын жері,Ол-ең жақсы көретін адамдарда, яғни ата-анаға құрақ ұшып қызмет ететін,бірлік пен ынтымақты және татулықты ырыс деп ұғатын жандардың қасында,және өзгені күндеуден кісіні міндеуден бойында барлық сабырлық жиналған жандарда,Алла Тағаланың есімін атағанда, оның есімін жаттағанда адалдан басқа татпаған ақ жүрек мейірімді жандардың жанында,Сахар тұрып,сәресін ішіп,ораза ұстайтын иманды адамның жанында,және бейбітшілікпен берекені ту еткен кісілерде тіл қатыспай-ақ ұғысып солардың жандарында Бақыт мәңгі тұрақтайды.
-Ал балам өмірде бақытты күндермен қуанышты сәттердің неге тұрақсыз екенің білесің бе?

Мен сасып қалдымда:
-Иә —иә -жоқ деппін,Сонда қария маған былай жауап берді: - Алла Тағала адамды жаратқанда,денесіне бір күн қуаныш,қырық күн қайғы несерін жаудырады екен. Бұның себебі Тәубе етуден жалықпасын деп,және шаттығың берсе,шер-мұңын да қоса берген.Әлемде жұпсыз зат жоқ. Мысалға: Күн мен түн,ақ пен қара,жақсылық пен жамандық,өлім мен өмір,сараңдықпен жомарттық,мейірім мен қатыгездік,ізгілікпен зұлымдық әлем жаралғанан бері осылардың барлығы тайталасып келеді.Ал бақыттың тұрақсыздығы адамның өзіне тікелей байланысты егер адамның ісінің берекесі жоқ болса,сөзінің келекесі көп болса,және ата- анасын сыйламайтын болса,әсіресе Аллаға зікір айтпайтын көрші ақысын жеуден қорықпайтын жандардың жанында бақыт ешқашан тұрақтамайды-деп қария өз сөзін осымен аяқтады. Ал мен бұл айтқан ақылың ескерететін боламын.Мен осы сөзін жадыма сақтап туған жеріме қайттым....
Қорыта айтқанда, Бақыт ұғымын әр адам әрқалай түсінері анық. Оның себебі әркімдегі құндылықта, дүниетанымда, көзқараста жатыр. Меніңше, бақыт деген - өз болмысыңа сай болу. Жеті қат дүниедегі жаратылыстың барлығының өз мақсаты, өз қызметі, түптеп келгенде өзіне ғана тән болмысы бар. Сол болмысынан ажырамау, оны баянды ету кімді де болса бақытқа жетелейді. Демек, әр адам өз болмысына сай болса, соны мәнді, баянды ете білсе ғана шын бақытқа қауышады демекпін.

Ләззат ЕЛЕУБАЕВА

ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ !

Журналистика қызығы мен қиындығы қатар жүретін, төзімділікті, ұқыптылықты, жан-жақты білімділікті талап ететін жауапты саланың бірі. Қоғам үшін маңызды рөл атқарады десек те артық емес. Қоғам өмірін шындықтың шырақшысы болған маман иелерінсіз елестету де қиын. Журналистика зор жауапкершілікті қажет етеді. Нақтылай атқаратын қызметін бөліп қарайтын болсақ, біріншіден, әлемдік, саяси жаңалықтарды халыққа жеткізу. Екіншіден, жеткізіп қана қоймай, әрбірін анықтауды, сара-лауды, өңдеуді қажет етеді.Үшіншіден, қоғамға жеткізе отырып, көтерілген мәселені, ойды насихаттай отырып ұнамды да, түсінікті болуы қажет. «Журналистика – жол-жөнекей жазылатын әдебиет» демекші, мен журналистиканы тамыры кеңге жайылған сала ретінде көремін. Себебі - бұл сала түрлі бағыттарға бөлінеді. Мысалы: радио және тележурналист, репортаж, ақпарат т.б. түрлері бар. Журналистиканың бастауы ретінде ең алғаш әлемде жаңалықтар жазылған қолжазбалар пайдаланылыпты. Неміс өнертапқышы баспа машинасын ойлап тауып, журналистиканың пайда болуына ықпал етті. Алғаш журналистика термині Францияда пайда болған. Ал мәліметтерге сүйенетін болсақ, қазақ тіліне журналистика термині орыс тілі арқылы еніп, XIX ғасырдан бастап қолданысқа енген. XX ғасырда киножурналистика дүниеге келген. Ары қарай жыл өткен сайын оның түрлері де дами бастаған. Яғни, XX ғасырдан бастап родиюжурналистика, 40-жылдарда тележурналистика, 90-жылдары ақпарат тарату көлемі бойынша әлдеқайда жылдам байланыс жолы - ғаламтор жүйесі пайда болды. XXI ғасыр заман талабына сай журналистика саласы әр алуан бағыттары дамып, жаңарып келеді. Қазіргі заман журналистеріне ешқандай ауыр та-лаптар қойылмаған. Өз ойларын толықтай жеткізе алады. Менің ойымша, қазіргі журналистердің қоғамға берер үлесі өте зор. Себебі, қоғамда орын алып жатқан қаншама оқиғаларды қамтып, адамдардың мұң - мұқтажына үңіліп, олардың мәселесін шешуге

тиісті жұмыстар атқаруда. Солардың бірі - Дина Төлепберген «КТК» телеарнасының журналисті, және де көптің назарында болып үлгерген «Астарлы ақиқат» бағдарламасының жүргізушісі. Бәрі білетіндей бұл қаншама адамдардың, жұлдыздардың мәселесін талқылап жүрген бағдарлама. Ләйлә Сұлтанқызы «Әйел бақыты» бағдарламасының жүргізушісі. Бұл бағдарламада әйел баласының түрлі тағдыр жолындағы қиындықтарын шешуге көмек берді. Гүлмира Әбікай және Жазира Бега-лы «Дау-дамайсыз» бағдарламасының жүргізушілері. Бұл бағдарламада, тағдыр тауқыметіне түскен жандардың мәселесін заңды жолмен шешу. Мақсат Толықбай «Информбю-ро» бағдарламасының жүргізушісі. Нартай Аралбайұлы «Мәселе» бағдарламасының жүргізушісі және де т.б журналистер.Өзім осы тележүргізушілердің бағдарламаларын жақсы көремін. Мақсат Толықбай, Нартай Аралбайұлы секілді бүгінгі журналистиканың шеберлері де бар. Олар көптеген адамдардың про-блемасын шешу жолында қаншама тер төкті. Қоғам үшін де талай еңбек сіңірді десек, артық емес. Ойымды қортындылай келе, қолына қалам ұстап не-месе сөйлей алған адамның бәрі журналист емес! Ойы озық, шындыққа тура қарай білетін, мәселенің мән - жайын сараптай алатын, өзіне әрқашан сенімді адам ғана нағыз журналист бола алады деп ойлаймын. «Журналист - халық пен билікті байланыстыратын көпір» дей келе, болашақта мен де осы мамандықтың тізгінін ұстау үшін қазір ізденіс жолындамын.

Назипа ШЕРІ

Ясауи университеті	Медиа және PR	Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды	Газетті есепке қою ту-ралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Бай-ланыс және ақпарат министрлігі берген.
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ	Тілшілер: Журналистика студенттері	кафедрасының	2019 жылдың қаңтарынан бастап « Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.
Газет 1995 жылдан шыға бастады	Фото маманы: Нақып Шынтеміров		
Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті			
Редактор: Жанар Бейсенбаева			
Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru			